

Алматы қалалық Мәслихатының "Құрмет грамотасы" туралы

Күшін жойған

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының VI сессиясының 2000 жылғы 15 қарашадағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 2000 жылғы 22 желтоқсанда N 247 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXX сессиясының 2010 жылғы 24 қыркүйектегі шешімімен.

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXX сессиясының 2010 жылғы 24 қыркүйектегі шешімімен.

"Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3 бабының 9 тармағына және "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40 бабының 1 тармағының 18 тармақшасына сәйкес II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

ШЕШІМ

ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қалалық Мәслихатының "Құрмет грамотасы" белгіленсін.
2. Алматы қалалық Мәслихатының "Құрмет грамотасы" туралы Ереже бекітілсін, қоса беріліп отыр.

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VI-сессиясының*

төрағасы

II-сайланған Алматы қалалық

Мәслихатының хатшысы

II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының 2000 жылғы 15 қарашадағы
VI-сессиясының шешіміне
қосымша

Алматы қалалық Мәслихатының Құрмет грамотасы туралы ереже

1. Алматы қалалық Мәслихаты Алматы қаласының әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуына қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы азаматтарының еңбегін қоғамдық мойындау белгісі ретінде Алматы қалалық Мәслихатының

Құрмет грамотасын белгілейді.

2. Толық атауы :

қазақ тілінде: Алматы қалалық Мәслихатының Құрмет грамотасы;
орыс тілінде: Почетная грамота Алматинского городского Маслихата.

Құрмет грамотасы әшекейлі көгілдір түсті папкадан тұрады, ортасында қосымша беті бар, оның сол жағында Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік тілде "Құрмет грамотасы" сөзі жазылған.

Қосымша бет қалың жылтыр қағаздан баспаханалық әдіспен бүктелген күйінде орындалады. Қосымша беттің сол жағының үстіңгі бөлігіне Алматы қаласының елтаңбасы бейнеленген және үстіңгі бөлігінде мемлекеттік тілде " Алматы қалалық Мәслихаты" және төменгі бөлігінде "Құрмет грамотасы" с ө з д е р і ж а з ы л ғ а н .

Қосымша беттің сол жақ сыртында Алматы қалалық Мәслихатының ғимаратының фотобейнесі қазақ ұлттық өрнектерімен жиектелген.

Қосымша беттің оң жағында қазақ ұлттық өрнектерімен жиектелген Қазақстан Тәуелсіздігі монументінің аясында марапатталушының аты-жөнін, тегін және еңбегін көрсету үшін орын қалдырылған.

3. Алматы қалалық Мәслихатының Құрмет грамотасымен марапаттау туралы шешім Алматы қалалық Мәслихатының сессиясында қабылданады.

4. Құрмет грамотасымен :

- азаматтар мен заңды тұлғалар;

Алматы қаласының экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, мәдениетін , білім беруін дамытудағы, достық пен қоғамдық келісімді нығайтуға, белсенді қоғамдық және мемлекеттік қызметтері үшін марапатталады.

- шет мемлекеттердің азаматтары мен заңды тұлғалары.

Бейбітшілікті нығайтуда мемлекеттік және қоғамдық қызметі, Алматы қаласының бауырлас қалалармен және шет елдермен достығы мен ынтымақтастығын дамытуға жәрдемдескендері үшін марапатталады.

5. Құрмет грамотасын Алматы қалалық Мәслихаты сессиясының төрағасы мен хатшысы салтанатты жағдайда тапсырады. Марапаттау жүргізетін залға Қазақстан Республикасының елтаңбасы мен жалауы орнатылады.

6. Алматы қалалық Мәслихатының Құрмет грамотасы туралы ұсынысты еңбек ұжымдары мен тұрақты депутаттық комиссиялар тапсырады.

7. Алматы қалалық Мәслихатының Құрмет грамотасымен марапаттау үшін мынадай құжаттар тапсырылады :

- еңбек ұжымының қолдау хаты;

- тұрақты депутаттық комиссиялардың қаулысы (заңды тұлға үшін-ұсыныс);

- марапат парағы (заңды тұлға үшін-ұсыныс).

8. Құрмет грамотасының тапсырылғандығы туралы хаттама жасалады,

сондай-ақ марапат парағына белгі қойылып, онда тапсырылған күн көрсетіледі және марапат парағы хаттамамен бірге Алматы қалалық Мәслихатында сақталады.

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының VI-сессиясының
төрағасы*

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы
(маман Сариева А.)*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК